

Дін және құқық: ара қатынасы және өзара байланысы
Өміржанов Е.Т. з.ғ.к., доцент, Сулейман Демирель атындағы
университет

Адамзат баласы қауымдаса тіршілік ете бастаған уақыттан бері қоғамды басқару мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Қоғам дамуының әр сатысында белгілі бір топтың айналасындағыларды бағындырып, оларды өз дегеніне жүргізу мақсатында әртүрлі құралдарды қолданғаны белгілі. Сол құралдардың ішінде әлі күнге дейін өз маңыздылығын жоймай келе жатқаны дін мен құқық деп пайымдауға болады.

Дін мен құқықтың қайсысы алдымен пайда болғаны жайлы сөз қозғағанда әрине, діннің алғаш қалыптасқанын дәлелдеушілер басымдыққа ие болары сөзсіз. Сонымен қатар, діннің алғашында адамдарды сендіру мақсатында әртүрлі мифтер мен наным-сенімдер аясында қалыптасқанын да ешкім жоққа шығара алмас. Ал, құқық жайлы сөз қозғалғанда оның алғашқыда қауым мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасты реттеу құралы ретінде пайда болғанын теориялық тұрғыда қаншама ойшылдардың дәлелдегені белгілі. Дегенмен, бізді қызықтыратыны дін мен құқықтың неліктен осы уақытқа дейін бір-бірін жеңе алмауы, яғни, бірінің орнын бірі баса алмауы болып отыр.

Діннің талаптарын жүзеге асыруды қадағалаушы күш құдай, ал құқықтың жүзеге асырылуын қадағалаушы мемлекет. Осы тұрғыдан алып қарағанда дін мен құқықтың адам үшін құдыретті күшке ие құбылыстарға арқа сүйеуі екеуінің де қоғам үшін маңызын арттыра түсері сөзсіз. Алайда, адамзат қаншама ғасырлар бойы құқық пен дінді қатар ұстанып келеді. Тіпті, кей теократиялық мемлекеттерде әлі күнге дейін дін құқықты қалыптастырушы ролін атқаруда. Ал, зайырлылық сипатына енген мемлекеттердегі қоғамның діннен безінуі орын алуы мүмкін еместігін уақыт дәлелдеп берді. Осы пайымдауға сүйенсек, дін мен құқық бөлініп, дербес әрекет етуі әртүрлі келеңсіздіктерге алып келері сөзсіз. Себебі, дін де, құқық та қоғамдық қатынастарды реттеуші құрал, олар бір бірін толықтырып отырады. Дін адамның рухани қажеттіліктерін өтейді, ізгілікке, адамгершілікке бағыттайды, оны теріс қылықтардан сақтандырады, құдайдың бар екенін еске салып, қорқынышта ұстайды. Құқық болса адамды дұрыс жолға бағыттайды, ненің дұрыс ненің қате екендігін көрсетеді, теріс қылықтардан сақтандырады, мемлекеттің бар екендігін есіне салады және қорқытады. Осы тұста дін мен құқықтың қайсысының адам үшін алдыңғы орынға шығуының басты себебіне тоқталған жөн болар. Діннің жеке адамға әсері қашан да болсын басым болатыны ондағы құдай алдындағы жауапкершілік мәселесімен тікелей байланысты. Яғни, адам өз іс әрекеттерінің қандай жағдайда болмасын құдайдың көз алдында екендігіне

сену арқылы өзінің әр қадамына жауаптылықпен қарайды. Дін адамның ішкі жан дүниесіне бойлай еніп, оның қандай жағдайда болмасын өз сұрақтарына діннен жауап алуын қамтамасыз етеді, кей мәселелерде құқық қауқарсыз болғандықтан дін адамды қызықтырған сұрақтарға жауап бере алады. Ал, құқық талаптарын орындау адамның жеке адами қасиеттері мен құқыққа деген құрметіне және сеніміне байланысты, құқықты орындауды адамның өз ішкі сезімі мен ар-ұжданы бақылайды. Яғни, мұнда адамның әр ізін бақылауда ұстайтын құдыретті күш жоқ, мемлекеттің бақылауы қанша қатаң болса да адамға орайы келгенде құқықты айналып өтуге әр кезде де мүмкіндік туындап тұрады.

Дін мен құқық арасындағы күресті орта ғасырлық Европа мемлекеттерінің тарихынан жақсы байқауға болады, дегенмен, мемлекет билігі дін басыларымен текетіреске түскенімен діннің өзінен бас тартпайды. Керісінше, дінді өз билігіне икемдеп, христиандықтың жаңа бағыттарын дамытады. Осылайша, дін қоғамдағы мемлекет билігін орнықтырушы құрал ретінде өз қызметін жалғастыра береді. Тек Ресей империясындағы 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін билікке келген большевиктер ғана діннің қоғамдағы ықпалын азайтып қана қоймай, біртіндеп дінді толықтай жойып, дінсіз қоғам орнықтыруды қолға алды. Дегенмен, дінсіз қоғамды басқарудың қиындығын сезінген большевиктер діннің орнына социалистік идеологияны адамдар санасына сіңірумен айналысты. Идеологиялық жұмыс кеңес үкіметінің басты қызметінің бірінен саналды және халықпен идеологиялық жұмыс жүргізіп, адам санасына социализм идеалдарын сіңіру күн тәртібінен түскен жоқ. Кеңес Одағы ыдырап, социализм идеалдары құндылығын жоғалтқан соң жетпіс жыл бойы дінсіз өмір сүрген халық өзіне жаңа идеология, рухани тірек іздей бастады. Психологиялық тұрғыда үлкен соққы алған халықтың бір бөлігі атеизм бағытынан таймаса, екінші бөлігі ұмытыла бастаған ата-бабадан қалған дінге бет бұрды. Ал халықтың басым бөлігі сырттан келуші әртүрлі діни ағымдар мен секталар жетегіне ілесті. Бұл адамдардың нақты бір сенімсіз өмір сүре алмайтындығын тағы да бір дәлелдеп берген жағдай болды. Себебі, ұзақ жылдар бойы кеңестік идеология шеңберінде құдайдың жоқ екендігіне сеніп, өздерінің рухани азығы ретінде кеңестік социализм идеясын танып келген халық бір күнде социализм идеалдарынан айрылып қалды. Бұл өз кезегінде адамдардың санасына үлкен соққы болып тиді, өмірден баз кешу, ертеңге деген сенімсіздік, қорқыныш, ашу-ыза адамдардың психологиялық тұрғыдан өздеріне пана іздеуіне ықпал етті. Осы себептен адамдар жаппай құдайды іздей бастады. Ал, қоғамның мұндай күйзеліске ұшырап, құдай іздеу мәселесінің ең маңызды мәселеге айналғанын билік түсіне алмады. Себебі, билік басында сол социализм идеясының жемісі болған ұрпақ отырған еді. Діннің не екенін, құдайдың кім

екенін білмей діни сауатсыздық жайлаған қоғамдағы адамдардың рухани ашаршылыққа ұшырағанын сезінбегендіктен, сонымен қатар, діннің қоғамды басқарудағы ең маңызды құрал екендігін мойындамағандықтан, ең бастысы, мемлекеттің зайырлылық сипатын терең түсінбегендіктен мемлекет дін ісіне араласудан толықтай бас тартты. Бұл өз кезегінде шекарасы барлығына бірдей айқара ашылған елімізге неше түрлі діни ағымдар мен секталардың еркін еніп, тез қарқынмен өріс алуына ықпал етті.

Тағы бір айрықша тоқтала кететін мәселе билік пен құдай арасындағы байланыс, яғни, биліктің құдайды танып сол құдайды қоғамды басқаруда шебер пайдалануы. Биліктің өзінің де құдайдан қорқа отырып қоғамды құдай заңдылықтары шегінде билеуі жалпы қоғам үшін тиімді болатынын тарих дәлелдеді. Ал, мемлекет басындағы адамдар дінге сенбесе, құдайдан қорықпаса қоғам үшін одан артық қасірет жоқ. Себебі, құдайдан қорықпаған адам еш нәрседен де тайынбайды. Сонымен қатар, өз іс әрекеттеріне мемлекеттің заңдарынан тыс құдай заңдары алдында жауап берудің мүмкін еместігіне сенген адам сол мемлекеттің заңдарын өз мүддесі шегінде өзгертіп, өзін жауапкершіліктен толықтай босатуға талпыныс жасайды.

Құқықтың адамға әсері психологиялық тұрғыдан алғанда құқықтық ұстаным, құқықтық сана мен мәдениет, құқыққа сай мінез-құлық сияқты категорияларды қалыптастырумен шектеледі. Одан ары қарай адам санасына дендей еніп, оның өзінің әр әрекетін құқықпен тікелей байланыстыруына құқықтың әлеуеті жеткіліксіз. Құқықтық санасы жоғары деңгейдегі адамдардың өзі кейбір өзі үшін, ұлты үшін үшін немесе өзі өмір сүретін орта үшін маңызды мәселелерді шешуде құқыққа қайшы әрекеттерге баруы мүмкін. Себебі, құқық нақты бір мемлекет аумағындағы әрекет етуші міндетті ережелер жиынтығы болғандықтан құқықтың қандай болуы сол мемлекет билігіне, оның ұстанған саясатына тікелей байланысты болады, осы тұрғыдан алып қарағанда кейбір азаматтар өздері үшін тыйым салынған немесе өздерінде жоқ қатынас түрлеріне рұқсат етуді талап етуі, болмаса, діни немесе өзге де наным сенімдер жетегінде құқыққа қайшы әрекеттерге баруы мүмкін.

Құқықтың қоғам алдында беделінің жоғарылауына мемлекет басындағы нақты адамның жеке беделі септігін тигізе алмайды. Беделге сүйене отырып құқықты сол тұлғаның беделінің көлеңкесінде қалдыру қоғам арасында жағымпаздықты, жалған айтушылықты, маргиналдық құқыққа сай мінез-құлықты, жалпы қоғамдағы нигилизмді өрістетеді. Мұндай жағдайда адамдар үшін құқықтың маңызы болмайды, қарапайым адамдар құқыққа сенбей, өз шешілмеген мәселелерінің шешімін мемлекет басшысынан, оның беделінен іздейді, қоғамда мемлекет пен құқыққа қатысты барлық мәселелерде сенімсіздік орнайды. Мұндай жағдай орныққан қоғамның

мүшелері өздері үшін идеалға айналған тұлғаның істеген іс-әрекеттеріне талдау жасай отырып, өз әрекеттеріне бағыт іздейді.

Өзі құқық талаптарын орындамайтын мемлекет құқықтың қоғамда жүзеге асырылуы үшін құқықтық реттеу тетігін іске қосып, адамдарды қанша алдап, арбап, қорқытып, үгіттесе де құқықты қоғам мүшелеренінің арасында жоғарғы деңгейге көтере алмайды. Себебі, қоғам мүшелері құқыққа деген өз көзқарасын қоғамда орын алып жатқан жағдайлармен байланыстырады. Яғни, жеке тұлға құқықтың жүзеге асырылу деңгейін нақты орын алған жағдайлармен салыстырады, көбінесе, мемлекеттік биліктің жасаған іс-әрекетіне жүгінеді. Осы себептен, құқықтың қоғам алдындағы беделінің жоғары болуына мемлекеттегі биліктің құқыққа деген сыйластық көзқарастарының тікелей ықпалы болатындығын алға тартуға болады.

Ал дін болса керісінше, қоғамда нигилистік көзқарастар өріс алып тұрған шақта адам үшін негізгі қорғаныш бола алады. Жалпы өмірден түңілген, айналасында орын алып жатқан жағдайларға көңілі қалған адам құдайдан араша сұрайды. Бұл өз кезегінде діннің мүмкіндігін жоғарылата береді, сол себептен, дін өз мүмкіншіліктерін түсіне отырып, соған сәйкес әрекет ете бастайды. Бұл әсіресе, дін таратушылар үшін таптырмайтын жағдай. Сол себепті, Қазақстан жағдайында, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары шеттен келіп дін таратушылар үшін біздің қоғам «көктемде гүлдеп тұрған жеміс бағын тозандандыратын бал араларға күн райының ашық болып тұрғанындай» болды. Осы тұста тағы ескере кететін жайт, діннің құдыретін түсінген кейбір топтардың, мемлекеттердің өз пайдасы немесе нақтылы мақсаты үшін дінді бұрмалауы немесе жаңа бір діни ағым, секта жасауы қоғам дамыған сайын жиі белең алуы. Бұл өз кезегінде арнайы мақсатта құрылған діни ұйым немесе сектаның адамдарды иландыру арқылы өз мақсатына жету құралына айналдыруына жағдай тудыруда. Жиырмадан үш жыл бойы мемлекет бақылауынсыз қызмет ету нәтижесінде дәстүрлі діндерге қатысы жоқ діни ағымдар мен секталар діни сауаты төмен қоғамда өз сенімін сіңіре алды. Дін тарату ісі мемлекет тарапынан бақылаудың болмауынан үлкен жылдамдықпен және неше түрлі құйтырқы әдістерді қолданумен қатар жүргізілді. Өз тілінен, ділі мен дінінен айрылып қалған миллиондаған қазақстандықтар шеттен келген әртүрлі ағымдардың жетегіне оңай ілесіп кетті. Тіпті, елдің негізін құраушы қазақ ұлтының басым бөлігінің тілін сақтағанымен олардағы ұлттық діл мен ислам дінінің әлсіреп қалғандығы да ескеріліп халық арасында беделі бар тұлғаларды, саясаткерлерді, ірі кәсіпкерлерді исламдағы нақты бір ағымдар өздеріне кіргізу арқылы жаппай халықты өздеріне тарту ісімен шұғылданды. Бұл өз кезегінде исламды ата-баба діні ретінде танығанымен діни сауаттары жоқ қазақтардың тез адасып, әртүрлі қазақ ұстанған Әбу Ханифа мазхабына

қайшы көзқарастағы, исламдағы радикалды ағымдарға бас ұруына алып келді. Ендігі жерде тілі сақталғанымен қазақ тілді қазақтар арасында діни тұрғыда алшақтық орнығып, өз тілінде сөйлегенімен ділі мен діни көзқарастары қазақтыққа жат қазақтар тобы бой көтерді. Сөйтіп, айналасы жиырма үш жыл ішінде Қазақстан халқы бір-біріне жат, бір-бірін мойындамайтын әртүрлі діни ағым жетегінде кеткен идеологиялық жағынан бытыраңқы қалыпқа енді. Жеке тұлғаның құқықтық санасының төмендігінің салдарынан оның дін талаптарын құқық талаптарынан жоғары қойып, қалыптасқан құқық жүйесіне қайшы келетін діни нормалар жетегіне ілесуі көптеген құқық бұзушылықтардың орын алуына алып келуде. Бұл өз кезегінде діннің радикалдық тармақтарының мемлекет пен құқықты мойындамайтын тұлғаларды қалыптастырып, қоғамға қауіп төндіре алатындығын дәлелдеп берді.

Жалпы алғанда құқықтың өзіне тән басты сипаты оның мемлекетпен тікелей байланыстылығында, яғни, мемлекеттік билік сипаты қандай болса ондағы құқықтың да сипаты соған сәйкес өзгеріске ұшырайды. Мемлекеттің құқық жүйесі жанды ағза іспетті ол үнемі даму, толығу, өзгеру, байытылу үрдістерін басынан өткеріп отырады. Сонымен қатар, әр мемлекеттегі құқықтың өзіне тән сипаты, мінезі және ерекшелігі болады. Оған сол мемлекеттің жағрапиялық орналасуы, климаты, тарихы, экономикасы, саясаты, діні, халқының ділі өз әсерін тигізіп отырады. Сондықтан әр мемлекеттің ерекшелігіне қарай сәйкес құқық жүйесі қалыптасады. Кей кездері қабылданған құқық пен құқықты жүзеге асыру тәжірибесі мүлдем алшақ болуы мүмкін. Мұндай жағдайда құқық нормалары идеалды сипатта болғанымен оның жүзеге асырылуы мемлекеттік биліктің ұстанымына қарай өзгеріп отырады. Ал дін болса мемлекеттің зайырлы болуымен байланысты мемлекет билігіне байланыссыз дами береді, тек, діннің ұстанушылары дінге берік болуы көп нәрсені шеше алады. Қазақстан сияқты дінсіз қоғамнан дінге бет бұрған елде дін ісіне мемлекеттің араласуы қоғамды аман алып қалудың басты кепілі бола алады. Дінге мемлекет тарапынан бақылаудың болмауы өз кезегінде діннің мемлекеттік мүддеге қызмет етуден жалтарып, сол діннің таратылу орталығының немесе мүдделі топтардың жетегінде кетуіне әсер етеді. Түптеп келгенде діннің тек адамдарды басқару ғана емес әртүрлі мемлекеттердің арасындағы бір-біріне ықпал ету, үстемдік жүргізу мәселелеріне де байланысы барлығын естен шығармаған жөн. Сол себепті, мемлекет зайырлылық сипатын сақтай отырып, зайырлылық шегінде дінге бақылау тетіктерін күшейтуі тиіс. Ойымды қорытындылар болсам, құқық пен дінді бөліп алып, жеке дара қоғамды басқаруда пайдалану тиімді нәтиже бере алмайды, сондықтан, мемлекет құқық пен дінді қатар пайдалана отырып, олардың бір-біріне оң ықпал жасауына жағдай тудыруы қажет.

Резюме

В данной статье автор делится своими мыслями о роли религии и права в обществе. Автор уделяет внимание на роль религии как орудие управления обществом. А так же, анализируется сегодняшняя религиозная обстановка в Казахстане и делаются собственные выводы.

Resume

In this article the author shares with his thoughts about role of religion and law in society. The author gives attention to the role of religion as a key of administration society. He also analyses religious situation in Kazakhstan and makes his own conclusions.